

## Тарих пен мәдениет объектілеріне қатысты кейбір мәселелер туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 379 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы  
N 279 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.21 N 279  
Қаулысымен.*

Жекелеген тарих пен мәдениет объектілерінің тарихи-мәдени құндылықтарының жойылуына байланысты және Алматы, Қарағанды қалаларының және Павлодар облысы әкімшіліктерінің өтініштерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ ССР-інің республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері туралы" Қазақ ССР-і Министрлер Советінің 1982 жылғы 26 қаңтардағы N 38 (Қазақ ССР-інің ҚЖ-ы, 1982 ж., N 5, 23-бап) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақ ССР-інің республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлімінде:

"В.И. Ленин ескерткіші, 1925 ж., мүсіншілер Ю.В.Гуммель, Н.Л. Лавинский, сәулетшілер И.Н.Былинкин, Э.И.Ефанов	Қарағанды қаласы, өнер Октябрьдің 50-жылдығы алаңы С.И. Мордвинцев, "
--	--

деген жол алынып тасталсын.

2. Қосымшаға сәйкес Алматы қаласы және Павлодар облысы әкімдерінің жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімінен жекелеген тарих пен мәдениет ескерткіштерін шығарып тастау туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

21

сәуірдегі

қосымша

**Жергілікті маңызы бар ескерткіштер тізімінен шығарылуға тиісті, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізбесі**

Атауы	Мекен-жайы	Ескерткіш тиесілігі
"Ливадия" қонақ үйі" көшесі, 136	Павлодар қаласы Ленин	сәулет
"16 пәтерлік тұрғын үй" көшесі 38	Павлодар қаласы Естай	сәулет
"Қазақстан" қонақ үйі" Дзержинский көшесі, 71	Павлодар қаласы	сәулет
"24 пәтерлі тұрғын үй" Дзержинский көшесі 73	Павлодар қаласы	сәулет
"Ертіс" тұтыну қоғамы" Дзержинский көшесі, 83	Павлодар қаласы	сәулет
"Бұрынғы коммуна мектебі" К.Маркс көшесі, 202	Павлодар қаласы	сәулет
"Фурор" электротeatры" Луначарский, 10	Павлодар қаласы	сәулет
"5 қабатты құрылыс кварталы" көшелері	Павлодар қаласы 1 Май, Торайғыров, Короленко, Крупская	сәулет
"В.И.Ленин ескерткіші" Ленин алаңы	Павлодар қаласы монументі	өнер
"Алғашқы тың игерушілердің темір жол вокзалына келген орны"	Павлодар қаласы Теміржол вокзалы	тарих ескерткіші
"Тұғырдағы ЗИС-5 еңбек даңқы ескерткіші" 2565-а/к	Павлодар қаласы ескерткіші	тарих
"Тұғырдағы МА3-205 еңбек даңқы ескерткіші" 2-а/к	Павлодар қаласы ескерткіші	тарих
"Тұғырдағы ЗИЛ-130 еңбек даңқы ескерткіші" 2564-а/к	Павлодар қаласы ескерткіші	тарих
"Алматы қаласындағы Абылай хан даңғылы, 75	Алматы қаласы Абылай хан, 75	сәулет

Ғ и м а р а т ы "

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ